

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 13-ө өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 9 наурыздағы N 50-ө Өкімі

"Шағын және орта бизнесті дамыту мен қолдау мәселелері жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 13-ө өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақтағы "бір ай мерзімде" деген сөздер "2006 жылғы 16 наурызға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) көрсетілген өкімге 1-қосымшада:

өкімшілік кедергілерді азайту және төрешілдіктен арылту мәселелері жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Боранғалиева - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаментінің директоры, жетекші

Құрманбаева - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаменті функционалдық талдау басқармасының бастығы, хатшы

Такмаков - Қазақстан Республикасы Энергетика және Василий Васильевич минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау комитеті техникалық инспекция басқармасының бастығы;

көрсетілген жұмыс тобының құрамынан Батырхан Арысбекұлы Исаев, Алина Болатқызы Рахымбекова, Людмила Васильевна Богатырева шығарылсын;

3) көрсетілген өкімге 2-қосымшада:

қаржы-экономикалық мәселелер және инновациялық қызмет жөніндегі жұмыс тобының құрамына мыналар енгізілсін:

Елемесов - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-Асқар Раушанұлы министрі, жетекші

Сәтбаева
Гүлнәр Балабайқызы

- Қазақстан Республикасы Энергетика және
минералдық ресурстар министрлігінің
Бюджет, қаржы рәсімдері және кадр
қызметі департаменті бюджеттік
бағдарламалардың және республикалық
мемлекеттік кәсіпорындар бюджеттерінің
атқарылуын үйлестіру, талдау бөлімінің

бастығы

Төлеев
Бақыт Сейітәзімұлы

- Қазақстан Республикасының Индустрия
және сауда министрлігі Индустриялық-
инновациялық дамыту департаментінің
ғылыми-технологиялық және инновациялық
саясат басқармасы бастығының міндетін

атқарушы;

көрсетілген жұмыс тобының құрамынан Ғани Нұрмаханбетұлы Өзбеков, Бақытжан
Мұханқызы Шайхисламова шығарылсын.

П р е м ь е р - М и н и с т р д і ң

міндетін атқарушы